



Алхан Бөкейхан: «Ultqa qyzmet etý – bilimnen emes, minezden»

AQTÓGAI AJARY



«Қарағанды журналистикасын дамытуға қосқан үлесі үшін»

1938 жылдың 15 тамызынан бастап шығады

Ақтоғай айдандық қоғамдық-саяси басылым

www.facebook.com/a.ajary.kz

№ 44 (7986) 27 желтоқсан, Жұма 2024 жыл

aktogai_red@mail.ru

Қош келдің – 2025 жыл

Жасыл шырша шамы жарқырады

Зеңгір көкте жұлдыз болып жанайын,

Ай жүзіндей айшықтанып, арайың.

Жанға шуақ, бойға қуат әкелген.

Жаңа жылың құтты болсын ағайын, – демекші Ақтоғай елінде ырыс пен берекесі шалқыған Ұлу жылын шығарып салып, жайдарлы Жылан жылын қарсы алу кеші өтіп, жасыл шырша шамы жарқырады. Құзар шыңында қыраны қалықтаған, кең байтақ қазақ елі тағыда бір жылын артқа тастап, болашаққа батыл қадам басу үстінде. Шың басындағы мұнарын сілкіп тастап, есігін айқара ашқалы тұрған 2025 жаңа жылымыз құтты болсын.

Орталық алаңға ауданымыздың үлкен-кішісі жиналып, жаңа жылдың символы жасыл шыршаның жануын тамашалады. Алаңға Әлихан Бөкейхан және Күләш Байсейітова атындағы мектептердің



оқушылары жаңа жылдық маскамен келіп, мерекелік шеру жүргізіп, жаңа жылды қарсы алушыларға үлкен мерекелік көңіл-күй сыйлады. Жаңа жылымыздың сәні мен көркі жасыл шыршамыздың шамдарын жағып, сондай-ақ көпшілікті жаңа жыл мерекесімен құттықтау үшін ортаға аудан әкімі А.Аманжолов шығып

мерекемен барша жұртты құттықтады.

– «Өткен жылға өкпе жоқ, келер жылдан үміт көп. Еліміз аман, Отанымыз тыныш болсын, Жаңа жыл құтты болсын», – деп, бүлдіршіндермен бірге жасыл шырша шамын жақты. Балалардың қуанышынан артық қуаныш жоқ қой сірә-да. Алаңдағы бүлдіршіндер аудандық мәдениет үйінің ұжымы дайындаған Аяз ата мен Ақшақар және ертегі кейіпкерлерінің қойылымдарын тамашалап, ән салып, би биледі. Жаңа жылымыз құтты болсын, жұлдызымыз жарқырай берсін Ақтоғай елі. Жаңа жыл! Жаңа күн! Жаңа өмір! Бұл күн тіршіліктің барлық иелеріне жаңа үміт, қуаныш, ерекше махаббат сыйлайды. Сол махаббат, қуаныш пен үміт жыл бойы шаңырақта болсын!

Айбын Жаманхан,
Ақтоғай ауылы.

Құрметті жерлестер!

Баршаңызды келе жатқан Жаңа 2025 – жылмен шын жүректен құттықтаймыз!

Еліміз үшін парасат пен пайымға толы тағы бір жыл ХХІ ғасыр қойнауына енгелі тұр. Бірлік пен бейбітшілік, ырыс пен бақ-береке сыйлаған Ұлу жылымен қоштасып, санаулы күндерден кейін жаңа Жылан жылымен қауышамыз. Жаңа жыл – жаңа бастамалар, жаңа мақсаттар бастау алатын, ертеңгі күнге үлкен үмітпен, сеніммен қадам басатын уақыт. Биыл Ақтоғай халқы үшін мол жетістіктер мен толайым табыстарға толы сәтті жыл болды. Өрісіміз малға, қамбамыз дәнге толды. Өңіріміздің әрбір жеткен жетістіктері мен тындырымды істерінде әрқайсыңыздың жеке үлестеріңіз бар. Сондықтан баршаңызға жасампаз еңбектеріңіз бен елге деген жанашыр ниеттеріңіз үшін шексіз ризашылығымды білдіремін.

Ұлу жылы барлығымыз үшін айрықша маңызды, жағымды жаңалықтар мен жақсылыққа толы болды. Өткен жылға өкпе жоқ. Алдағы жылға артылар үміт пен сенімді бастамаларымыз бар.

Қадірлі ағайын! Жаңа жыл – жақсылықтың жаршысы. Әрбіріміздің болашаққа бағдар құратын және үлкен міндеттерді орындауға иек артатын кезең. Табалдырығымыздан аттағалы тұрған Жылан жылы толағай табысы мен ырзық-несібесін сыйлап, әрбір шаңыраққа құт-береке әкелсін. Бірлігіміз бекем, ісіміз мығым болсын! Жаңа жыл барлығымызға береке-бірлік әкелсін! Мерейлі мерекемен құттықтай отырып, Сіздерге зор денсаулық, отбасыларыңызға амандық, толайым табыстар, елімізге бейбітшілік тілейміз.

Ақтоғай ауданының әкімі
А.Аманжолов.

Аудандық мәслихаттың
төрағасы Р.Әбеуов

*Қазақстан мәслихаттарына – 30 жыл

Халық қалаулылары ұлықталды



Қазақстан Республикасы өз Тәуелсіздігін алған алғашқы жылдары еліміздің даму бағытын айқындайтын, қоғамдық қатынастарды жүзеге асыратын сан салалы Заңдар дүниеге келді. Солардың бірі 1993 жылғы 10 желтоқсанда қабылданған «Қазақстан Республикасының жергілікті өкілді және атқарушы органдары туралы»

Заңымен жергілікті мемлекеттік басқару жүйесі, жергілікті өкілді және атқарушы органдардың құзыреті, оларды ұйымдастыру тәртібі және қызметі айқындалған болатын. Осы Заңды негізге ала отырып, 1994 жылы наурыз айында халық депутаттарының жергілікті кеңесі таратылып, оның орнына жергілікті

мәслихаты-депутаттар жиналысы құрылды. Мәслихат-депутаттар жиналысының сайлауы 1994 жылы 7 наурызда өткізілді. Міне, биыл, Қазақстан Республикасы мәслихаттарының жергілікті өкілді органдар ретінде құрылғанына 30 жыл толып отыр. Қазақстан Республикасы мәслихаттарының 30 жылдық мерекесі

Ақтоғай ауданында өз дәрежесінде аталып өтті.

Аудандық Мәдениет үйінде көпшіліктің басы қосылған салтанатты жиын өтті. Мемлекеттік Әнұран ойналды. Алғаш сөз кезегін аудандық мәслихат төрағасы Рашид Әбеуов алып жұртшылықты мерекемен құттықтап,

(Жалғасы 2-бетте).

Қоғамдық кеңес өтті

Ақтоғай аудандық қоғамдық кеңесінің кезекті IV отырысы өтіп, жыл қорытындысы сараланды. Кеңеске аудан әкімі А.Аманжолов, аудан прокуроры Айдос Адамбеков, аудан әкімінің орынбасарлары, аудан мекеме-бөлім басшылары, ауылдық округ әкімдері, аудандық мәслихат депутаттары, БАҚ өкілдері қатысты. Келелі кеңесті аудандық қоғамдық кеңестің төрағасы Әуелбек Қапасов басқарып жүргізді.

Күн тәртібінде:

1. Аудан бойынша мемлекеттік көрсететін қызметтердің жағдайы туралы.

2. Аудан көлемінде жол, құрылыс, инфрақұрылымдар жүйесі, абаттандыру бағытында атқарылған жұмыстардың сапалы аяқталуы және «Мемлекеттік сатып алу» заңдылықтарының орындалу барысы мен алда тұрған міндеттер туралы»

3. Аудандағы діни ахуалдың жағдайы мен жастар арасындағы тәрбие жұмыстары туралы.

4. 2024 жылдың жергілікті бюджеттің кірістері мен шығыстарының орындаласы туралы.

5. Ауыл жастары арасында кәсіпкерлікті дамытуға және қолдауға арналған аудан әкімінің грантын беру туралы комиссиясының қызметі туралы ақпарат жасалынып, көпшілік талқысына салынды. Кеңеске қатысушылар жасалған ақпарат аясында сұрақтар қойып, тиісті жауаптар алды. Біраз мәселелер көтеріліп, әлі де болса ақсаңқырап жатқан жұмыстар айтылып, тиісті лауазым иелеріне нақты тапсырмалар беріліп, атқарылған әрбір жұмыстың дұрыс, нәтижелі болуына сұраныс болатыны да өткір айтылды. Алдағы жылға жоспар жасалынып, ауданымыздың өсуі, өркендеуі жолында қоғамдық кеңес өз жұмысын жоспарлы жүргізіп, халық пікірімен бірлесіп жұмыс жасай бермек.

Өз тілшімізден.

«Өмірім және өлеңім»

Ақтоғай аудандық кітапханасында ауданымыздың зиялы азаматтарының бірі, саналы ғұмырын туған еліне қызмет етуге арнаған аптал азамат Төлеужан Ахметбековтің екі кітабының тұсаукесері өтті.



«Әкім болсаң – халқыңа жақын бол» деген қағиданы ұстанған ел перзентінің еңбегін туған елі бағалайды.

1950 жылы Ақтоғай ауданы Қуаныш елді мекенінің Найзатас тауының баурайында туған Төкең ағамыз Алматыда жоғары оқу орнын қаржы-экономика маманы ретінде тәмамдап, еңбек жолын туған жерінен бастаған. Өткен ғасырдың 70-жылдарынан күні бүгінге дейін туған өлкесінің патриоты ретінде елі мен жеріне қызмет етті. Еңбек жолын қатардағы маман ретінде бастап, ел тізгінін ұстаған әкім дәрежесіне дейін көтерілген. Алаш арыстарының рухын асқақтататын, ұлтжанды жастардың бойына рух беретін еңселі ескерткіштің республика көлемінде тұңғыш рет Ақтоғайда тұғырға орнатылуына себепкер болған абзал азаматтың еңбегі зор. Ат жалын тартып мінген бозбала шағынан жаны жырға, қазақтың ескі сөзіне құмар болып, қаламды жанына серік еткен. Жүрек сырын сел қазынасымен қатар өріп, жанына жақын жандарына жыр арнаған.

Жасымнан жыр – өлкені құмартқаным,
Дос – туыс, өзіне арнап сыр ақтардым.

Пейілдің сезініп жыр арнасам,
Келгені көңіліңді құндақтағым.
Ұтқыр сөз – көңіл –сарай көкжиегі,
Жалғастырған жақсылар сол жүйені.

Аңғалдық пен көңілі астасқан соң,
Мән беріп құрметтеген сөз – киені.
Кемшілігі бар болса жасырарсың,
Жақсысын қажетіңе асырарсың,
Адалдыққа жорып ап пейілдімді,
Безбенің көңілдің тапсырарсың, – деп өмірінің сәулелі сәттерін өлеңмен өрнектеп келеді. «Мен ел ағасы емеспін, ел баласымын» дейтін аға өмір жолындағы қадірлестері мен қызметтес болған азаматтар және ағайын-туыс жайлы лебізін естелік кітап ретінде жазды.

Шырайлы шарада «Өмірім және өлеңім» естелік кітабы және «Пейілің – жыр, сөзің – сыр» атты кітаптардың тұсауы кесілді. Кітаптың тұсауын аудан әкімінің орынбасары Мұқатай Дархан Серікұлы, ауыл ақсақалы Смаков Байзақ, зейнеткер ұстаз Нұрғайын Ақтаева кесті. Ауылдан адам көшкенмен адамнан ауыл көшпейді. Ел перзенті Төлеужан аға туған жердің төсінде, көзкөрген сыйластарымен кездесіп, кітаптарын таныстырды.

С.Кенжебаева,
кітапханашы.

(Соңы. Басы 1-бетте).

аудандық мәслихаттың 30 жыл ішінде атқарған жұмыстарына, жеткен жетістіктеріне кеңінен тоқталып өтті.

Келесі кезекте аудан әкімі Абылай Аманжолов аудан жұртшылығын, барлық шақырылым депутаттарын, қонақтарды бүгінгі атаулы мерекемен құттықтап, ыстық лебізін білдірді. Құттықтау соңы мерекелік марапатқа ұласты. Мерейлі мерекеде 1-8 шақырылымда халық қалаулысы болып қызмет атқарған ел ағаларына Қазақстан Республикасы мәслихаттарының 30 жылдық мерейтойына орай Қарағанды облысы әкімінің, Қарағанды облыстық мәслихаты төрағасының және аудан әкімі мен аудандық мәслихат төрағасының атынан арнайы алғыс хаттар мен «Қазақстан мәслихаттарына 30 – жыл» мерекелік төс белгісілер табысталды.

Қарағанды облысы әкімінің Құрмет грамотасымен Жаңа Қазақстандық қоғам құру ісіндегі табысты еңбегі және облыстық қоғамдық саяси өміріне белсенді қатысқаны үшін аудандық мәслихаттың 5-6-7 шақырылымының депутаты Нұржамал Шуланова марапатталды. Ал, аудандық мәслихаттың екінші шақырылым депутаты Қайырқұл Сүйіндіков, аудандық мәслихаттың екінші және төртінші шақырылым депутаты Әбүйір Әлжанов, аудандық мәслихаттың үшінші шақырылым депутаты Талғат Темірбек, бесінші шақырылым депутаты Ақбота Кұлмағанбетова, сегізінші шақырылым депутаты Ерғазы



Серіков Қарағанды облысы әкімінің Алғыс хатымен марапатталды. Сонымен қатар Қарағанды облыстық мәслихаты төрағасының Алғыс хатымен «Өңіріміздің қоғамдық-саяси өміріне белсене қатысқаны үшін және біздің облысымыз бен еліміздің экономикалық және әлеуметтік дамуына қосқан жеке үлесі үшін мәслихаттардың 30 – жылдығы құрметіне Қарағанды облыстық мәслихатының Алғыс хатымен бірінші шақырылымның Тоқырауын аудандық мәслихатының хатшысы болған Әміртай Біләлұлы, аудандық мәслихаттың бірінші шақырылымының депутаты Алтын Мұқтарова, аудандық мәслихаттың екінші шақырылымының депутаты, аудандық мәслихат аппаратының зейнеткері Зәуреш Исма-

ғанбетова, аудандық мәслихаттың үшінші шақырылым депутаты Хайролла Досмаков, мәслихаттың 1,2,3,4,5 шақырылымдарының депутаты Қордахан Түсіпбеков, аудандық мәслихаттың 6,7 шақырылымдарының депутаты Қанат Мұсаханов, сегізінші шақырылымының депутаты Қайыржан Қадырберлин, аудандық мәслихаттың алтыншы шақырылымының депутаты Ернат Оспановтар марапатталды. Барлық марапат иелеріне «Қазақстан мәслихаттарына 30 – жыл» мерекелік төсбелгісі қоса табысталды.

Аудандық мәслихаттың барлық шақырылым депутаттарына мерекелік төсбелгі және әр шақырылымның депутаттарына аудан әкімінің құрмет грамотасы, алғыс хаттары, аудандық мәслихат төрағасының Алғыс хаттары

табысталды.

Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқарудың дамуы мен қалыптасуына қосқан елеулі үлесі үшін «Қазақстан мәслихаттарына 30-жыл» мерекелік төс белгісімен Ақтоғай ауданының әкімі Абылай Базылұлы, аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Сәкітай Сыздықов, ауданның қоғамдық кеңес төрағасы Қапасов Әуелбек, ауданның аналар кеңесінің төрайымы Қарлығаш Абдрахманова, аудан әкім аппаратының басшысы Берікбол Әмірғасым марапатталды.

Салтанатты шарада аудандық «Тоқырауын толқындары» ән-би ансамблі мерекелік концерт қойды.



Мықты мәслихат – ел тірегі



**Ақтоғай аудандық
мәслихатының төрағасы
Рашид Әбеуов**

Өткенге көз жүгіртіп, мәслихаттардың құрылу барысына тоқталатын болсақ 1991 жылы тәуелсіздігін жариялаған еліміздің жан-жақты дамуының басты шарттарының бірі – оның мемлекеттік басқару органдарының құрылымын қалыптастырып, жетілдіру болатын. Сондықтан да 1993 жылы Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі жергілікті мемлекеттік органдар құрылымына маңызды өзгерістер енгізген «Жергілікті билік және атқарушы органдар туралы» Заң қабылдады. Жергілікті өкілетті органдар – мәслихат, жергілікті атқарушы органдар - әкімшілік болып аталып, республиканың барлық көлемінде Мәслихаттар институты құрыла бастады.

1994 жылдың 7-ші наурызында Қазақстанның саяси көзқарасындағы жаңа толқынды танытқан жергілікті өкілетті билік органдары – мәслихаттарға алғашқы сайлау өткізілді. Ол елдегі бәсекеге қабілетті алғашқы сайлау болып, республиканың демократиялылығын жедел дамытуға ықпал етті.

1994 жылы бірінші шақырылған сол кездегі Ақтоғай аудандық мәслихатына 17 депутат, Тоқырауын аудандық мәслихатына 18 депутат сайланған болса, осы мәслихаттардың алғашқы ұйымдастыру сессияларында Ақтоғай аудандық мәслихатының хатшысы болып Қалиақпаров Мырзахан Омарханұлы, Тоқырауын аудандық мәслихатының хатшысы болып Жұманбаев Әміртай Біләлұлы сайланған еді.

Содан бері тиісті заңнамаға сәйкес мәслихаттар депутаттары 5 жыл мерзімге сайланып келеді.

1997 жылы Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылымында өзгерістер орын алып бұрынғы Жезқазған облысы Қарағанды облысының құрамына енгізіліп, Тоқырауын және Ақтоғай аудандары біріктірілді.

Қазақстан Республикасының Президенті 1997 жылғы 19 маусымда қол қойған «Қазақстан Республикасының әкімшілік аумақтық құрылымындағы

өзгерістер жағдайындағы жергілікті өкілді органдар жүйесі туралы» Заңының талаптарына сәйкес жоғарыдағы екі ауданның мәслихаттары біріктіріліп, 1997 жылдың 8 шілдесінде өткен Ақтоғай аудандық мәслихатының бірінші сессиясында мәслихат хатшысы болып №1 Ақтоғай сайлау округінен депутат, оған дейін аудандық «Арқа еңбеккері» газетінің редакторы болып қызмет атқарып келген Жарылғап Махмұт Сәдуақасұлы сайланды.

Бұрыннан «аулы аралас, қойы қоралас», етене жақын, ағайын-туыс болып келген екі аудан халқының біріктірілуі, сол кездердегі ауданның әлеуметтік-экономикалық салаларындағы қиыншылықтар жағдайында оңай болмай, сол кездегі өкілетті орган мүшелері – екі аудан мәслихаттары депутаттарының салмақтылық пен саликалылық таныта отырып күш-жігер жұмсағанын бүгінгі күні ерекше атап өткен дұрыс.

Даму, жетілу деңгейін ұлан-байтақ еліміздің бір бөлшегі саналатын өз ауданымыздың салыстырмалы көрсеткіштерінен де аңғару қиын емес. Егер сол екі аудан біріктірілген 1997 жылғы аудандық бюджеттің нақтыланған шығыс көлемі небары 182 млн теңге болса, 2024 жылға арналған аудандық бюджеттің шығыс бөлігі – 8 млрд 132 млн теңгені құрап отыр. Бұл ауданымыздың экономикасы, әл-ауқатының жан-жақты өскендігінің айқын айғағы.

Мәслихаттарға алғаш сайлау өткізілген 1994 жылдан бері сегіз рет барлық деңгейде мәслихаттар сайлаулары өткізілді. Осы депутаттардың арасынан ел қамы үшін еңбектеніп, көзден кетсе де көңілден кетпеген депутаттар аз емес. Атап айтқанда Сейілханов Сейдіғали, Ақубаева Майра Аманкелдіқызы, Мұсан Төлеу, Смайлов Өмірәлі, Қасымов Мұрат Әуезханұлы, Тяжин Бақытжан Балтабекұлы, Әбілдин Қуаныш Сәрсенбайұлы, Жақыпбаев Рымхан Жақыпбайұлы, Әміре Қабыл Аманбекұлы, Мұқаш Базария Мұсатайқызы сияқты азаматтарды осы шарада бір сәт еске алғанымыз жөн деп ойлаймын.

1994 жылдан 2011 жылға дейін аудандық мәслихат жанында тексеру комиссиясы жұмыс жасады. Осы аралықта тексеру комиссиясының төрағасы қызметін Исаханов Манат, Исағанбетова Зәуреш Мұхаметжанқызы, Жарылғап Махмұт Сәдуақасұлы атқарды.

Мәслихат депутаттары өкілді орган болып құрылғаннан бері Сенат депутаттарын сайлап келеді.

2004 жылдан бастап мәслихаттарға, саяси партиялар мен қоғамдық бірлестіктердің ұсынысымен аумақтық, округтік және учаскелік сайлау комиссиялары құрамдарын

сайлауға байланысты қосымша өкілеттіктер беріліп, содан бері осы талаптарға сай ауданның сайлау комиссияларының құрамдары жасақталып келеді.

2006 жылы Қарағанды облысы бойынша екі аудан, үш қалада тәжірбие ретінде аудан, қала әкімдерін аудандық мәслихат депутаттарының таңдауына салу арқылы сайлап, депутаттар балама негізде жабық дауыс беру арқылы аудан әкімін сайласа, мемлекет басшысының Жарлығына сәйкес егемен еліміздің тарихында алғаш рет 2013 жылдың тамыз айында аудандық маңызы бар қала, кент және ауылдық округ әкімдерінің сайлауы өтті. Бұл әкімдер сайлауының басты мақсаты – елдегі мемлекеттік басқарудың ең оңтайлы, айқын және тиімді моделін қалыптастыру және жергілікті жерлердегі өзін-өзі басқарудың мүмкіндігін арттыру болып табылды.

2023 жылдың наурыз айынан бері сегізінші шақырылған аудандық мәслихаттың 11 депутаты жұмыс жасап келеді.

Аудандық мәслихат депутаттары өз өкілеттіктерін жүзеге асыру кезіндегі құқықтары мен міндеттерін пайдалану мен орындау мақсатында «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы заңының 21-бабын басшылыққа ала отырып орындау мақсатында сайлаушылармен байланысты дамытып, жетілдіруде.

Бүгінгі таңда әрбір депутаттың өз сайлау округіндегі тұрғындарымен тығыз байланысы қалыптасқан. Депутаттардың сайлау округтерінде тұрғындармен жұмыс жүргізіп, азаматтарды қабылдауы, олардың талап-тілектеріне және қойған мәселелеріне тиісті органдар мен мекемелердің мән беріп, уақытылы шешім қабылдауына ықпал ету жайы да үнемі назарда. Жыл сайын барлық депутаттар өз сайлаушыларымен кездесулер өткізіп, пікір алмасып отырады. Сайлаушыларды толғандырған мәселелер жайында аудандық мәслихат депутаттары мүмкіндігіне, қажеттілігіне қарай шаралар қолданып, тиісті лауазым иелерінің алдына мәселелер қойып, орындалуын бақылайды. Атқарған жұмыстары жайлы жылдық есептерін береді.

Мәслихат депутаттары бюджетті қалыптастырып, өз қызметі арқылы сайлаушылардың өзекті мәселелерін шешуге ықпал етеді. Сонымен қатар «Әкімдердің халықпен кездесулерін өткізу туралы» ҚР Президентінің 2022 жылғы 3 наурыздағы № 826 Жарлығына сәйкес өткізілетін әкімдердің халықпен кездесулері, «Әкімдердің мәслихаттар алдында есеп беруін өткізу туралы» ҚР Президентінің 2006 жылғы 18



қаңтардағы №19 Жарлығына сәйкес әкімдердің есепті мерзімде атқарған жұмыстарының есебі және орта және ұзақ мерзімді бағдарламалардың орындалу барысы туралы тиісті бөлімдердің хабарламалары тыңдалып, шешімдер шығарылып отырады.

Мәслихаттардың рөлі жылдан-жылға артып келеді, демек, депутаттардың да өз өкілеттіктерін жүзеге асыруға деген жауапкершілігі күшейе түсуге тиіс. Сондықтан да қызметтің тиімді тың тәсілдерін іздестіріп, іске қосу олардың жұмысындағы маңызды бағытқа айналып отыр.

Мәслихат жұмысының негізі, сессия болғандықтан, талқыланатын мәселелер терең ойластырылып, оны сапалы өткізуге баса назар аударудамыз. Сессияға шығарылатын мәселелер бойынша материалдар депутаттарға алдын-ала беріліп, міндетті түрде тұрақты комиссияларда қаралады. Осы шақырылымда аудандық мәслихаттың 29 сессиясы өткізілсе, оның 8-і кезекті, 21-і кезектен тыс шақырылған сессиялар.

Мәслихатта екі тұрақты комиссия жұмыс жасайды. Бірі аудандық мәслихаттың экономика, бюджет, экология, агроөнеркәсіп салалары мен кәсіпкерлікті дамыту және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясы болса, екіншісі аудандық мәслихаттың әлеуметтік саланы дамыту, жастар саясаты, заңдылық және құқық қорғау мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясы.

Тұрақты комиссиялар отырыстары әр сессия алдында өткізіліп, сессияның күн тәртібіндегі мәселелерді талқылайды. Сонымен қатар әр комиссия сессияларда қаралатын мәселелерден тыс өздері жоспарлаған, өзекті мәселелер қамтылған отырыстарын өткізіп, тиісті қаулылар қабылдайды.

Мәслихаттар халықтың қалауын білдіретін жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқарудың маңызды бөлігі. Биылғы жылдың наурыз айында мәслихаттардың құрылғанына 30 жыл толды. Осы кезең ішінде барлық мәслихаттар ықпалды билік органдарына айналды. Мұның барлығы депутат санатындағы еңбектеріңіз бен жауапкершіліктеріңіздің, өз жұмыстарыңызға адалдықтың жемісі. Мәслихат депутаттары 30 жылда елдің дамуына, оның ішінде ауданымыздың өсіп-өркендеуіне бағытталған өте маңызды шешімдер қабылдады. Баршаңызды осы мерейлі мерекемен шын жүректен құттықтаймын!

* Жыр-жауһар



Балтабай БАТТАЛҒАЗИН:

АҚТОҒАЙ ДЕГЕН...

Ақтоғай деген – Алланың нұрға
малдырған жері,
Үкіметтің қонған жері,
Бабалардың – болған жері!
Періштелердің адақтаған жері,
Перілерді жолатпаған жері!
Абыздардың – қоздаған жері,
Қобыздардың – боздаған жері!
Дана күйдің құшқан жері,
Сана бидің ұшқан жері!
Қарамдененің – көсем жері,
Нарманбеттің – шешен жері!
Сеңкібайдың – сергекті жері,
Сол заманның – кермекті жері!
Жидебайдың – киелі жері,
Шабанбайдың – иелі жері!
Жалаңтөстің – өрлік жері,
Қазыбектің – ерлік жері!
Саумал бабаның – көріпкел жері,
Болжамын жасап – еліткен жері!
Шашубайдың – атақты жері,
"Жынды" Ысқақтың шатақты жері!
Ақбаев Жақыптың – аталған жері,
Қалкенінің – бата алған жері!
Әлиханнның – кесекті жері,
Әлімханнның – есепті жері!
Әсетінің – әнді жері,
Акселеудің – дәмді жері!
Нұржан ақынның – ағылған жері,
Жағыпаров Қойшыбектің – малынған
жері!
Нығметолла Қожаның – шипалы жері,
Әбілхайыр молланың – иманды жері!
Ақкызының – күйлі жері,
Күләшінің – сыйлы жері!
Манарбектің – мол мұралы жері,
Мағауияның – домбыралы жері!

Совет Шиманбаевтың – жазған жері,
Марғұланнның – қазған жері!
Мәметқұлов Біләлдің – қоныстық жері,
Түсіпбек атамның – болыстық жері!
Бекмолдин Көгеннің – керемет жері,
Шәймерден атамның – "самолет" жері!
Аққанының – өлеңді жері,
Бағдат Омашевтің – көлемді жері!
Омаров Қуанышбектің – дастархан
жері,
Төлеубеков Жарылғаптың – басқарған
жері!
Өмірбайдың – жығатын жері,
Байбосынның – ұратын жері!
Әдепбаев Қапанның – қимай кеткен
жері,
Қазақбаев Саламаттың – сыймай
кеткен жері!
Мирхаяттың – берекелі жері,
Жанысбеков Қайырбектің – мерекелі
жері!
Дүйсебеков Сағдаттың – жаңашыл
жері,
Әдепбеков Бағдаттың – жанашыр жері!
Жақсыбаев Тұрсынбектің – мәнді жері,
Әбенев Секеннің – әлді жері!
Иісбек Молланың – шарапатты жері,
Қасымбеков Серіктің – марапатты
жері!
Изаков Теңдіктің – биіктік жері,
Жанысбай Сүйіндіктің – сүйікті жері!
І. Есенберлиннің – келген жері,
Оралбекке – дем берген жері!
Шекен атамның – аю алған жері,
Нұржанов Бейбіттің – жайылған жері!
Түсіпбаев Тұрғанның – талантты жері,
Тұрысбеков Жанатайдың – жанатты
жері!
Башаров Рахметолланың – ғылымды
жері,
Аманолланың – ұғымды жері!
Генерал Советтің – аяулы жері,
Аманқұлдың – бояулы жері!
Өміртаев Тілеуғалының – Алашшыл
жері!
Ахметбеков Төкеннің – талассыз жері!
Рымбектің – жариялы жері,
Рымкештің – ариялы жері!
Зікірияның – отарлы жері,
Сейдіғалидың – қотанды жері!
Әуезінің – әндемді жері,
Алдашының – пәрменді жері!
Ағайынды Әбдіғұловтардың – ысылған
жері,
Туған жерге жанын – ұсынған жері!
Мырзабек Қуатбековтың – дикторлы
жері,

Шәпибайдың – сан қырлы жері!
Мұқажанов Қауаздың – арлы жері,
Қабылсаяттың – заңды жері!
Рахымжан Шаяхметовтың – ұялы жері,
Куаныш Мақсұтовтың – миялы жері!
Орынбетов Қасымның – жастанған
жері,
Әбеуов Балтабектің – басталған жері!
Тұңғышбайдың – ойлы жері,
Бүркітбайдың – тойлы жері!
Әлжан мен Өскенбектің – "мерген"
жері,
Бір-біріне ерген жері!
Төлтайының – көктеген жері,
Торғайының – зерттеген жері!
Жеңіс Қашқыновтың – жалынды жері,
Абзал Бөкеннің – қарымды жері!
Таханов Есенбайдың – кеңдік жері,
Жұмасының – емдік жері!
Дәуренбек Мәжитовтың – қаражатты
жері,
Дәуренбек Әркеновтың – азаматтық
жері!
Сахи Романовтың – кестелі жері,
Тойымбеков Дәулеттің – дестелі жері!
Сәдуақасов Қайырбектің – тұлғалы
жері,
Қадыр Баймырзаның – думанды жері!
Мұқаметқалидың – зерделі жері,
Күлмараның – пернелі жері!
Оралтайдың – өнерлі жері,
Сәдуақасов Аманның – шеберлі жері!
Мінкенінің – емдеген жері,
(Шопыр) Жақсылықтың селдеген жері!
Аскенінің – тоқсандық жері,
Амантай Жұмашевтің – ақ сандық
жері!
Амантай Тойшыкеновтың – арқалы
жері,
Қалтай Қырбасовтың – алқалы жері!
Тәжин Қойшыбектің – әзілді жері,
Амантай Қалымбергеновтың – мәзірлі
жері!
Шахуов Оралдың – тынбаған жері,
Мүсіркеп ақынның – жырлаған жері!
Дәуітәлінің – құлынды жері,
Дариғаның – бұрымды жері!
Дәртайының – сазды жері,
Шәмшияның – назды жері!
Қожамбаев Қуаттың – қуатты жері,
Ықыласбеков Саттардың – суатты
жері!
Үмітайдың – ажарлы жері,
Асылмұраттың – базарлы жері.
Шүкірбай Төкеевтің – толғайтын жері,
Ибрагимов Маманның – қорғайтын
жері!

Мұсайынов Таранның – тартымды
жері,
Алтынбеков Бекзаттың – алтынды
жері!
Әліпбергенов Махмұттың – тереңдік
жері,
Кенжебеков Русланның – әлемдік жері!
Жандос Смағұловтың – әдебиетті жері,
Азат Бабашевтің – мәдениетті жері!
Үздіктерінің үні қалған жері,
Бексейітов Жетеннің – шырқаған жері!
Галя Сәтенованың – сызылтқан жері,
Үмітжанның – қызыққан жері!
Малдыбаев Мараттың – күрделі жері,
Мақсат Ақановтың – жұлделі жері!
"Тоқырауын толқындарының" –
толқындатқан жері,
Шетелдерді солкылдатқан жері!
Бегазы-Дәндібайдың – қазылған жері,
Рымбек Мәмбетовтың – жазылған
жері!
Мұқан Сәдібековтың – күмбірлі жері,
Рым Мұстақаеваның – сыңғырлы жері!
Болатбек Қасымжановтың – мәуелі
еткен жері,
Ақтоғайын әуелеткен жері!
Рахмет – достың өшпеген жері,
Құлжа – достың көшпеген жері!
Есенкелдіні – түлеткен жері,
Руслан Нұрбайдың – жыр еткен жері!
Тамам қыздың – гүл-гүлді жері,
Дана қыздың – бұлбұлды жері!
Абылай әкімнің – сайланған жері,
Халқының көңілі жайланған жері!
Алып шығар тұйықтан бері,
Әзіров Қайраттың – ұйытқан жері!
Қара жорғаның таптаған жері,
Әйсенбек пен Сәметтің – баптаған жері!
Ақбидайының – аңызды жері,
Асылдарымның маңызды жері!
Ақсоранның шарықтау шегі,
Шаңырақтаудың шарықтау жері!
Киелілерімнің күзетті жері,
Інілерімнің – ізетті жері!
Нар ұлдарының – сыйлаған жері,
Аруларының – қимаған жері!
Ерлерінің – серт емген жері,
Өлеңдердің – өртенген жері!
Әкемнің – ағашты қашаған жері,
Темірден бұрым – жасаған жері!
Анамның – нан салған жері,
Құрбымның – қарсы алған жері!
Балташының – сүйген жері,
Алтын басын иген жері –Ақтоғай
деген!



* Байқау өтті – бақ сыналды

Жүлдемен оралды

Балқаш қаласының «Мысшылар» сарайында Алматы қаласының Дарынды балалар орталығының ұйымдастырушылары «Самға Самұрық» атты халықаралық балалар өнер байқауын өткізді. Байқауға жан-жақтан келген өнерпаздар қатысты. Шашубай кентінен «Ән» үйірмесінің кіші тобының қатысушылары 5 жасар Елдана Серғазы бас жұлде, Еркін Дильназ бірінші орын, Саида Саятова 9 жаста екінші орын, «Балауса» тобының трио-2 орын, 5-жасар Серғазы Елдана бас жұлдеге ие болды. Би жанрынан Талғатқызы Айсұлу «Аққу» биімен екінші орын алды.

Балқаш қаласындағы «Рей интертаймед» студиясының өнерпаздарымен қосқанда және мерекелік концертке қатысып, өз өнерлерін көрсетіп жүретін Камила Бауыржанқызы, Кенжеханова



квартет тобы бас жұлделерге ие болып, тағы да басқа көптеген өнерпаздар жұлделі орындарға ие болып, өздерін биік дәрежеде көрсетті. Мәдениет үйінің атынан жалпы 70-ке тарта өнерпазды баптап шығарғаны үшін көркемдік жетекші Б.Садуақасова Мәдениет

үйіне колонка микрофонымен жеңіп алып, арнайы төс белгісімен марапатталды. Және шәкірттері үздік өнерлерін көрсеткені үшін Алғыс хатпен кубокпен марапатталды. ңбегі бағаланған Бағдагүл Сәрсенбекқызына мықты денсаулық, еңбегінің жемісін, жеңісін көре беруіне тілектеспіз. Сонымен қатар бұл байқауға «Самал жел» би тобының кіші тобы бірінші орынға ие болып, домбырашылар да бас жұлде, бірінші және екінші орындарға ие болды. Жылда мәдениет үйінің қызметкерлері республикалық байқаулардың жеңімпаздары атанып, оқушыларының жеңісін көруде, бұл қызметкерлердің жұмыстарының жемісі.

А. Жаманхан,
Шашубай кенті.

Естен кетпейтін бір тұлға...

(Соңы. Басы газетіміздің өткен № 42-43 (7985) санында).

Мұны көрген қалған ұрылар тым тырақай қаша жөнеліпті. Оқ тиген ұрыны таудың бөктеріне апарып жерлейді. Тобықты мен төрелер арасында осы оқиғаға байланысты біразға дейін дау дамай болып, бұл іске Әлихан Бөкейхан кірісіп бітімге келеді. Осы оқиғаның айғағын мына өлең жолдары дәлелдейді:

«Сөйлейін Қызылжардың ноғайынан,
Жау шыққан Жіңішкенің тоғайынан.
Ат шаппай ер қайратсыз бола берсе,
Құр босқа жау түсе ме оңайынан.
Бір тұйғын бір топ шілге түсіп еді,
Біреуін алып қалды оңтайына
Кешегі Тарғын ермен Тарлан аттай,
Кез болған қоңыр шалақ қалайынан.
Ат емес Әбекеңнің қара кері,
Үдейді күннен күнге шықса тері.
Ат өлді, Әбекеңнің аты өшеді,
Көтерген қара кері барма тірі.
Бұл күнде қара керге ат пар келмес,
Дүлдүлдей күнде шауып барған жері.
Кешегі Көрғұлының ескі атының,
Ойлаймын сол шығар деп соның бірі.
Солардың зат тұқымына жарамаса,
Жүреме бұл күнге дейін әлі тірі.
Табаны тасқа тисе тасырқамас,


Арқасы жауыр тастай неткен сірі», – деп Абдулла ақсақалдың ерлігі мен тор атын осылай жырлайды. Абдулла ақсақалдың балуан, қара күштің адамы болғанын мына оқиға тағы да дәлелдейтіні сөзсіз, қорада тұрған ат, бір адамды теуіп қалып, мерткітіре жаздаған соң, ашуланып жұдырығымен белінен ұрып қалғанда аттың бел омыртқасын үзіп жібереді.

Абдулла Фатхуллаұлының ел арасында өте абыройлы болғандығының келесі бір дәлелі, төрелермен құдандалы болуы. Ол дәуірде төре төреге ғана қыз берген! Абдулла Фатхуллаұлы мен Әлихан Бөкейханның арасындағы достық құда болумен аяқталады. Әлихан Бөкейханның тікелей араласуымен 1923 жылы Абдулла Фатхуллаұлы баласы Абдрахманға Мұхаметжар төренің қызы Гүлнарды қосады. (Жұлдыз.1996 ж. 3,104-106бб, Смахан төренің күнделігі.) Жармағанбет Дайырдың баласы патшадан шен алған, Сұлтанғазының немересі. Яғни әкеміз Әлихан Бөкейханның жалғыз қарындасы Нұр-бегімнің ең сұлу қызы Гүлнар Жарқызы болатын. Ортаы Абдрахманұлы естеліктерінде «Үлкен шешеміз Нұрбектің (Әлихан Бөкейханның туған қарындасы) айтуына қарағанда, әкеміз жас кезінде діни сауатты, бес уақыт намазын қаза қылмайтын, діни тақуатты болса керек. Қарқаралыдағы жергілікті молладан білім алады, діни білімі жетік, төте араб тілінде оқып, жаза білетін, сауатты болғанға ұқсайды. Арабша оқып, хат таниды. Жұма күндері «Әбеке сен аруақтарға құран оқуды қойдың ғой, мен саған ең сұлу қызымды әуезді жақсы үнің үшін беріп едім» деп ұрысқанын естіп едім», – деп жазады. (Ұлағатты Ұстаздың өнегелі өмірі. Қарағанды 2021ж.). Осы мақалаға арқау болып отырған басты тұлға – ардақты да абыройлы жан Абдрахман Абдуллаұлы.

Абдрахман Абдуллаұлы 1899 жылы Қарқаралыда дүниеге келген. Отбасында төрт ағайынды: екі ұл, екі қыз болған. Ағасы Қадыр жас күнінде қайтыс болады. Қарағанды шахталарында жұмыс істеген. Майнұр деген әйелі, қыз баласы болады. Кеңес өкіметінің дүрбелеңі басталғанда көз жазып қалған болу керек. Ұрпақтары Жаңаарқа жақта тұрады деп естідік. Қадиша деген апасының ұрпақтары Қарағанды қаласында тұрады. Қызы Зайтова Макуш елге еңбек сіңірген ұстаз, тәрбиеші, Қарағанды қаласындағы 2-нші мектеп интернатта ұзақ жылдар бойы қызмет жасап, зейнеткерлікке шықты. Бауырмал, достыққа берік, қонақжай, өте жомарт адам болды. Макуш апаның дастарханынан дәм ішпеген бұл дүниеде адам жоқ-ау сірә. Қарындасы Рәбиғаның

ұрпақтары Шахтинск қаласында тұрды. Шамиль деген баласы ұзақ жылдар оқу ағарту саласында қызмет етті, Рая деген қызы да осы жерде тұрды.

Абдрахман Абдуллаұлының 4 кластық арабша білімі болған. Жаңа латын графикасын өз бетінше оқып үйренеді. Өте сауатты, қабілетті, оқу - білімге жаны құмар, жасынан зерек, еңбекқор болыпты. «Зеректігінің арқасында жалпы арнаулы білімі болмаса да, ауданның бас мал дәрігері лауазымына дейін көтеріледі. 1930 – 1937 жылдар аралығында ауданға



Орынбор қаласынан мал дәрігерлік білім алып келген Жаңқашов Қасеннің жанында санитар қызметін атқарады. Мал дәрігерлік білімнің қыр-сырын ауданның жоғары білікті бас мал дәрігері, Жаңқаштың Қасенінің қарамағында санитарлық қызметті атқарып жүріп үйреніп алған», – деп жазады Ортаы Абдрахманұлы естелігінде (Ұлағатты Ұстаздың өнегелі өмірі. Қарағанды 2021ж). Ұлы Отан соғысы аяқталған соң, 1947жылы Қарағанды қаласындағы ветеринарлық бір айлық курсты оқып, кәсіби біліктілігін көтеріп, облыстық бас мал дәрігері Я.А.Пазенконың қолы қойылған «Ветеринарлық курсты» бітірді деген куәлігін алады.

Ауданға келген соң мал шаруашылығы саласындағы қызметін әрі қарай абыроймен жалғастырады.

«Тарих – түзу, жөнді үйретуші. Тарих түзушіліктің кітабы, тарих тіршілікте жолбасшы»,–, дейді Әлихан Бөкейхан. Ауданның дәстүрлі мал шаруашылығын дамытуда ерен еңбек үлгісін көрсеткен Абдрахман Абдуллаұлының есімі мәңгі сақталатыны сөзсіз. Бір ғана соғыс жылдарында ауданның мал шаруашылығын дамытуда, ауданның малдарын аурудан аман өсіру үшін, күн демей, түн демей, тылда жүріп жасаған еңбегін аудан халқы үлкен мақтанышпен айтқанын естіп өскен ұрпақпыз. Ер азаматтың бәрін майданға шақырып жатқанда, Абдрахман Абдуллаұлына да бірнеше рет әскери комиссариаттан шақырту қағазы келеді. Ол уақытта әскери комиссариат Шет ауданында болады. Гүлнар апамыз жолына тамағын дайындап қояды екен. Бірде көлікпен, бірде жаяу Шет ауданына жүріп кетеді. Шетке барған соң, аудан басшылығы «Біз сіздей мал дәрігерін қайдан табамыз?» деп алып қалып отырады. Абдрахман атамның тұңғыш баласы, 14 жасынан ұстаздық еткен, ұлағатты Ұстаз, тыл ардагері Гүлжатай Абдрахманқызы естелігінде: «Әкем халыққа сондай қадірлі, мейірімді, рақымды жан болды. Бірде келесі шақырту қағазы келгенде қоржыны дайын болмай қалып, қырда малды тексеріп жүрген жерінен жолға шығып

кетті. Қоңырат колхозының тұсынан өтіп бара жатқанын көріп қалған қойшы бір қозыны ұстап алып, дереу сойып, етін асып алып, соңынан қуып жетіп апарып береді. Сол қойшының есімі Алтынбек екен. Кейінде айтып отыратын еді. Әкем қайтыс болған күні Алтынбектің баласы Қомарда қайтыс болып, қонақасы бір күнде болды. Қосыман інісімен екеуі әкейдің қонақасына келіп кетті. Біз ертеңінде Қомардың қонақасы өткен соң бардық», – деп жазады. (Гүлжатай Абдрахманқызының жеке архиві).

Мал дәрігері – маңызды мамандық, әсіресе мал ша-руашылығымен ғана айналысатын аудандар үшін ерекше маңызды. Адам емдейтін дәрігер бізге қандай қажет болса, мал дәрігері де тап солай ауыл шаруашылығы саласына аса қажетті мамандық. Ғасырлар бойы ата-кәсіптен қол үзбеген қазақ халқы үшін бұл мамандық өте қадірлі. Өйткені, ауыл халқы үшін төрт түлік адамның күш-қуаты болып саналады. Ертеден ақ ата-бабамыз төрт түлікке «мінсең – көлігің, ішсең – ауқатың, сатсаң – ақшаң» деп баға берген. Ендеше осыдан ақ пайымдай берсек болады, сол жылдарда ауданның абыройын ұстап тұру үшін тер төгіп еңбек еткен Абдрахман Абдуллаұлының есімі ерекше екенін. Соңғы шақырту қағазы 1943 жылы келеді. Бұл туралы: «Соңғы шақырту қағазы келгенде үйде соятын мал да қалмады. Райкомның бастығы «Өндіріс» колхозынан мал алдырып беріпті. Аудан халқы уайымдап осы жолы Әбекеңді қалдыра алмас дейді. Райкомның сол кездегі хатшысы А.Дулатов «Шетке 1-2 күн қонып барарсыз, менде соңыңыздан кешікпей жетемін» деп қоя береді. Әкем маған: «Сен ендігі ержеттің, бар ауыртпалықты мойныңа аласың, бауырларыңа қамқор бол!», – деп жүріп кетті. Шетке келіп моншаға түсіріп, шашын ал-дырып дайындалып отырғанда, райком хатшысының атқосшысы: «Әбеке, сіз осы жолы тағы қалдыңыз» деп сүйінші айтып келіпті. Осыдан кейін шақырту қағазы мүлдем келмепті. Себебі, хатшының өтінішімен облысқа барып барлық құжаттарына «қазақ» деп жаздыртып алып келеді. Атамыз алдында құжаттарын толтырғанда ұлтын татар деп жазған екен», – деп жазады Ортаы Абдрахманұлы (Ұлағатты Ұстаздың өнегелі өмірі). Осыдан кейін атамыз ауданға қайтып келіп, зейнетке шыққанша ауданның мал шаруашылығы саласында ұзақ жылдар адал қызмет атқарды.

Атамды халық шыншыл, әділ, досқа адал жан болатын деп көп айтады. Халық ерекше құрметтейді, сыйлайды. Айналасына өте қамқор, жетім мен жесірге пана, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсете білетін, достықты бағалай білетін елгезек, бауырмал, кішіпейіл жан болады. Әлихан Бөкейханның «туыстары» деп қудалағанда, енесі Нұрбегім ханым және оның балалары Мұхаметәлі мен Қапасәлі де, Абдрахман Абдуллаұлын паналайды. Ауданда су қоймаларын салу, оның құрылысын жүргізу кезінде гидромелиорация саласында инженер болып қызмет атқарған Асылбеков Әбсадық екеуінің арасында ерекше достық, туыстық қарым-қатынас болады. Екеуі де ауылшаруашылығы саласында абыроймен, адал қызмет атқарды. Достыққа адал, сертке берік жандар еді. Сол бір қиын кезеңдерде Әбсадық Асылбекұлы мен Абдрахман Абдуллаұлының қоғамға адал қызмет атқару деген ниеттері бірдей болып, бір біріне демеу болады. Аудан жұртшылығы адал қызметін, сіңірген еңбегін бағалап, аудан басшылығы ылғи да жоғары мемлекеттік марапаттарға ұсынып отырған, бірақ жоғары жақ өткізбей қойған». Оның себебі Әлихан Бөкейханның қарындасының қызын алды, 1937-38 жылдары бас мал дәрігері, жоғары білімді дәрігер Жаңқашов Хасенді «алашордашыл, ұлтшыл, төре тұқымы» деп 1938 жылдың аяғында жазықсыз жазалап атып тастайды. Атамызды да Жаңқашовпен байланысты халық жауы, Алаштың қызын алып отыр деп (Жалғасы 6-бетте).

қудалайды. Абақтыға жауып та тастайды. Ортай Абдрахманұлы естелігінде «Бірде Гүлжатай, анам, үшеуміз әкеме абақтыға тамақ апарғанымызда милиционер Игембаев мені «Халық жауының баласы» деп жағымнан тартып жібергенде, шешей жылап: «Баланың не жазығы бар?» деген де, шешейдің өзін «Алаштың тұқымы, халық жауысың» деп балағаттады. Осы кезде анамның екі бауырын – бір қолы кем Мұхаметәліні және оның інісі Қапасәліні «бай, кулактың тұқымы» деп Қарағандыға жер аударып жіберген болатын» деп жазады. Осындай жағдайда, әрине, атамның марапатталуы, есіл еңбегінің бағалануы мүмкін емес еді. «1958 жылы Сарқынбай отбасымен үйге келіп алғысын жаудырып кетті. Әуелі Құдай, одан кейін Әбекең аман алып қалды. Сол бір ел басына түскен нәубет жылдарда айналасына қамқор бола білген», – деп ризашылдығын білдіреді. Қайта сол саяси зобалаңнан аман қалғанына таң қаламыз. Жоғары марапаттар алмағанымен бірқатар медальдарға ие болды, халықтың зор алғысын алды, өзі тәрбиелеп өсірген ұрпақтары өсіп өнді. Абдрахман әулеті тамырын тереңге жайып, жайқалып өскен алып емен сияқты десе де болады. Ол әрине бабаларымыздың, атамыздың жақ-сылығы.

Заманында Абдрахман Абдуллаұлы адамды да емде-ген емші де болыпты. Діни қабілеті туралы Гүлжатай Абдрахманқызы естелігінде «Бірде Торжорға атымен Қарқаралыға бара жатқанда, аты жүрмей төртаяқтап тұра қалады. Алдына қараса доға тұр екен. Ол доға әкемді оқып тұрған жылан екенін біліп, әкем Абдрахман да жылан оқуын оқи бастайды. Жыланды оқығанда дем алмау керек екен. Бір уақыттарда доға сылқ етіп құлайды. Атта аяғын жинап алып ауылға қарай шаба жөнеледі. Ауылға келгенде әкесі Абдулла алдынан шығып, үндемей аттан түсіріп алып, әкесі де баласын оқи бастайды. Абдрахман сөзге келген соң, орынан тұрып, жаңағы жыланды жерге көміп қайтады» деп жазады. Діни қабілеттерімен бірге емшілік қасиеті де ерекше болғанын аудан халқынан көп естиміз. Абдрахман Абдуллаұлы зерек, икемді, жасынан сынықтарды салып жүретін қолы епті, шебер адам болыпты. Далада өсіп тұрған өсімдіктерді де ерекше танып, емдік қасиеттерін жете білген. Қанды дизентериядан ешқандай дәрі әсер етпегенде, жарты стакан спиртке бұрыш қосып, ішкізіп жазып алады екен. Кейінгі кезде құрғақ теміреткені өлтірген сынаппен жазып алады. «Бір уақыттарда барлығымыз безгекпен ауырдық. Біріміз хинин ішіп жазылсақ, біріміз укол алып жазылдық. Ал, нағашым Мұхамедәлі ешқандай ем қонбаған соң жыланмен қорқытып жазды. Жас кезімде көп ауырдым. Дизентерия, дифтерия, ревматизм дегендей аурудың небір түрлері маған үйір болды. Екінші сыныпта оқып жүргенімде екі аяғым бірдей бүгіліп, тамырлары тартылып қалды. Ауданға жер аударылып келген И.В.Шендин деген дәрігер «сүйектен болған құрт ауруы, облысқа барып кестірмесе болмайды» деген соң, әкей ауруханадан шығарып алып кетті. Екі бірдей аяқтың бүгілуі – күздің қара суығында өзенді жалаң аяқ жалдап өткеннен, суық өтуі деді, себебі мектеп өзеннің әр қабағында болатын. Әкей үйге келген соң отқа тас салып, қыздырып, киізге орап табаныма басқанда жылуды сездім, оған дейін табаным ештеңе сезбейтін. Сосын 13 түрлі дәрілік өсімдіктерді қайнатып, мені күймейтіндей етіп ыстық бөшкедегі суға көтеріп апарып отырғызды, ұйықтап кетіппін. Ояңсам, бөшкенің ішінде отырмын, үйде ешкім жоқ. Біраз уақыт тұра алмай жатып қалған мен екі аяғымнан тік тұрып, бөшкеден шығып, әкейдің көйлегінен суды ағызып төр үйге кірсем, бәрі шәй ішіп отыр екен. Мені көріп сөйлеуге шамалары жоқ, жылап жатыр, әсіресе анам ағыл тегіл жылады. Бұл бір есте қалатындай оқиға болған еді. Кейініректе әкей: «сені тағы бір рет осылай бөшкедегі емдік суға отырғызуым керек еді, сонда сен құлан таза айығып кетер едің», – деп айтып жүрді» жазады Ортай Абдрахманұлы естелігінде (Ұлағатты Ұстаздың өнегелі өмірі). Апасы Қадишаның қызы Макуш апай бала кезінде көзі көрмей қалып, ауданға келіп, атам жазып алады. Мұндай мысалдар айта берсек өте көп кездеседі. Ортай

аға да 90 жасты алқымдап өмірден өтті.

Абдрахман Абдуллаұлынан үлкен шешеміз Гүлнар Жарқызы 9 құрсақ көтереді.Екі қыз бір ұлы жас кездерінде шетінеп кетеді. Қалғаны үш ұл үш қыз. Абдрахман атамның алыстан болжайтыны, парасаттылығы, кемеңгерлігі мені үнемі таң қалдырады. Балаларын оқу білімге құштар қылып, баулығаны. Бар жақсыны, ізгілік атаулыны оқу білімнен іздегені. Осы қасиетін ұрпағының санасына құйып бергені, қайран қалдырады. Ұлы Отан соғысы аяқталған соң, ел болып халық шаруашылығын қайта құрып жатқан ауыр жылдарда алты баласын да, жоғарғы оқу орындарында оқытады. Ғасырдың басында Әлихан Бөкейхан айтқандай: «Озғандарға жету керек, жеткендерімізден озу керек. Дүниенің төріне тырмысқандар, төрден орын алып жатыр. Тырмыспағандар есікте қалып жатыр: есікте қалмай, төрге тырмысалық» дегенді ұрпағына жете түсіндіргені. Білім күн сияқты: көрінгеннің бәрін жарылқайды дегенді ерекше пайымдағаны болар. Ұрпағын еңбекке баулығаны, әр іс әрекетінен анық байқалады. Тәжірибеден алған білім ұмытылмайды, төл ат болады. Осы күнгі тәжірибесіз білімде негіз де жоқ, бет те жоқ. Білім анасы – тәжірибе, сондықтан еңбек етіндер, тағы да еңбек етіндер деп үйретеді. Үлкендері Гүлжатай мен Ортайды аудан орталығындағы мектепте оқытады. Үйлері аудан орталығынан 3-4 шақырым жерде орналасады. Соғыс басталғанға дейін мектепке күз болсын, қыстың қақаған аязы болсын жаяу қатынап оқиды. «Кейбір кездерде әкей жұмыс бабымен колхоз аралап кетпесе, қыстың күні мектепке шанамен апарып, алып қайтатын. Боранды күндері нағашы апамыз Нұрбектің (Әлихан Бөкейханның жалғыз қарындасы) үйіне баратынбыз. Аудан мен біз тұратын жерден Тоқырауын өзені ағып өтетін» деп жазады Ортай Абдрахманұлы естелігінде. Су тасығанда атамиз атына мінгестіріп алып, бергі қабаққа өткізіп салады. Сабақ аяқталған соң күтіп тұрып кейін өткізеді екен. Су азайған кезде өздері жалдап өтеді. Гүлжатай Абдрахманқызы: «Мен 4 сынып оқығанда інім Ортай 1 сыныпқа барды. Енді маған жақсы болды, Ортай әжептәуір серік болды. Көршінің балалары бар, бәріміз шу-шу етіп бірге барамыз. Олар кейде ауа райының қолайсыз жағдайында бармай қалып қояды» - Абдрахман атамиз қатаң қадағалап балаларын сабақтан қалдырмайды. Ұл қыздары мектепте қатарының алды болып, үздік оқиды. Оқу мен еңбекке бірдей баулып, тәлім тәрбиеге ерекше мән береді. Төлінің басы Гүлжатай Абдрахманқызы мектепті үздік оқығандықтан, соғыс басталып ер азаматтың бәрі майданға кеткенде, таңертең сабағын оқып, түстен кейін 1-3 сыныптарға сабақ береді. Үлкен балалары Гүлжатай мен Ортай буындары бекімей тылдағы жұмысқа да араласып еңбек етеді. Жолдасы Алтынбеков Қасенхан екеуі ағарту саласында ширек ғасыр еңбек етті. Ауданның ұлағатты ұстаздары, Ұлы Отан соғысының және тыл ардагерлері, үкіметтің жоғары марапаттарына ие болған ардагер ұстаздар. Алты бала тәрбиелеп өсірді. Үлгілі отбасы болды. Балаларының барлығы жоғары білім алып, әр салада еңбек етіп жатыр. Қырым Алтынбеков – Алтын адамға қалпына келтіру жұмыстарын жасаған атақты реставратор, есімі төрткүл дүниеге кең танымал, көне тарихқа жан бітіретін суретші-реставратор, ҚР Суретшілер одағының мүшесі. ҚР «Құрмет орденінің» иегері, мәдениет қайраткері. Тектілік бойларына дарыған үлгілі отбасы. Нұрғайын Қасенханқызы ата-анасының жолын қуған, елдің алғысына бөленген, ұлағатты ұстаз. Нұргүл Қасенханқызы ақ халатты абзал жан. Балқаш қаласының медицина саласына айтулы үлес қосқан, кәсіби білікті маман.

Ортай Абдрахманұлы Е.А.Букетов атындағы Қарағанды Университетінің құрметті профессоры, осы жоғарғы оқу орнында 65 жыл қызмет еткен ардагер ұстаз, ғалым. Жолдасы Қапияш Исағалиқызы да осы Университеттің доценті. Университетте ғалымның есімін мәңгі қалдыру үшін, Ортай Абдрахманұлының атында арнайы аудитория ашылды. Екі қыз тәрбиелеп өсірді. Қыз баласы Айгүл Ортайқызы да медицина ғылымының кандидаты, доцент. Бибігүлсім

Абдрах-манқызы жолдасы Кенжетай Байғаскин екеуі 9 бала тәрбиелеп өсірген үлгілі отбасы. Балаларының бәрі әр салада абыроймен қызмет атқарады. Қыз баласы Жұлдыз Кенжетайқызы, Алматыдағы жоғары оқу орнының оқытушысы, Қайырбек Кенжетайұлы сот төрағасы болып абыроймен қызмет жасады.

Ғайнитден Абдрахманұлы ұзақ жылдар ауданның ағарту саласында қызмет атқарды, темірден түйін түйетін шебер, «ҚР Білім беруісінің үздігі», бірнеше ғылыми әдістемелік еңбектердің авторы. Жолдасы Гүлдана Қалқаманқызы екеуі 10 бала тәрбиелеп өсірген үлгілі отбасы. Балалары әр салада қызмет атқарады. Айдос Ғайнитденұлы заңгер, Жандос Ғайнитденұлы полиция полковнигі, Елдос Ғайнитденұлы әскери поли-ция полковнигі, Қарлығаш Ғайнитденқызы аудандық аурухананың бас бухгалтері. Бақыт Абдрахманқызы әулеттегі жалғыз ақ халатты абзал жан. Аудандық ауруханада ұзақ жылдар бойы абыроймен қызмет жасады, аудан халқының алғысына бөленген, кәсіби білікті дәрігер. Жолдасы Әсемтай Елеусізұлы екеуі бір ұл, бір қыз тәрбиелеп өсірген үлгілі отбасы.

Жақсылық (Амантай) Абдрахманұлы соғыс аяқталған соң туған екен, сондықтан жақсылыққа балап, есімін Нұрбегім әжеміз ырымдап өзі қояды. Әкем Жақсылық (Амантай) Абдрахманұлы да ауданға белгілі ұстаз, 25 жасынан ауданның спорт саласын басқарып, қызмет жасады. Ауданның спорт мектебіне елеулі еңбек сіңірді. КСРО спорт шебері. Әулеттің игі жақсылары мен тарихы туралы ең алғаш санама құйып, таныстырған әкем болатын. Анам Раушан Тәжікейқызы Қа-зақстан Республикасының аға мұғалімі, ата-анамыз үш бала тәрбиелеп өсірген ауданның абыройлы ұстаздары, ауданның «Үлгілі үй» атты конкурсының жеңімпазы, үлгілі отбасы. Үш баласы мектепті де ЖОО-ын да үздік аяқтап әр салада адал қызмет атқарудамыз. Өзім 30 жылдан асты Қарағанды Медицина Университетінің Қазақстан тарихы және ӘСП кафедрасында оқыту-шымын, «ТМД елдерінің үздік оқытушысы», «Алаш зиялысы» т.б. Меруерт Жақсылыққызы мемлекеттік қызметте кәсіби білікті маман ретінде, абыроймен қызмет жасайды. Ердос Жақсылықұлы 20 жылға жуық мемлекеттік қызметте. Әр жылдары жергілікті атқарушы органдарда бас маман, сектор меңгерушісі, бөлім басшысы, ҚР Мемлекеттік қызмет істері және ҚР сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттіктерінің Қарағанды облысы және Астана қаласы бойынша Департаменттерінде бөлім әрі басқарма басшысы лауазамдарын атқарды. Осы уақытта ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл Агенттігінің (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Қарағанды облысы бо-йынша департаментінің Анықтау және жолын кесу басқармасының Бюджеттік саласындағы сыбай-лас жемқорлық құқық бұзушылықтарды анықтау бөлімінің аса маңызды істер жөніндегі офицері.

Атамиздың ұрпағына салып кеткен сара жолымен тура жүріп келеміз. Текті әулеттің ата дәстүрі оқуда озат болу, елге адал қызмет атқару сияқты құндылықтар атадан балаға беріліп, әулеттің бірегейлігін көрсетеді. Ұлы Абай айтқандай «Сенде бір кірпіш дүниеге, кетігін тап та, бар қалан» деген қағиданы Абдрахман Абдуллаұлының ұрпақтары жалғастыруда. Адамзат баласының ғұмыры қысқа болғанымен, артында өнегелі істер қалдырып, белгілі бір саланы мықты меңгеріп, өзі өмірден өтсе де, елге жасаған еңбегі мен қызметі, айналасындағы адамдарға жасаған жақсылықтары мен жанына жақын тарта білетін жылылығы естен кетпейтін адамдар, тұлғалар болады. Сондай келбетімен өмірде есте қалатын тұлғаның бірі – Абдрахман Абдуллаұлы. Жақсының аты өлмейді – ұрпақтары текті әулеттің тектілігінің жалғасы болып келеді, ұрпақтар сабақтастығы жалғаса береді. Білім қонған, білім қуған әулеттің тарихы осылай жалғасуда...

Абдрахманова Камшат Жақсылыққызы,
Қарағанды Медицина университеті
Қазақстан тарихы және
әлеуметтік-саяси пәндер кафедрасының
ассистент-профессоры.



Қазіргі Қазақстанның мемлекеттік қызметі: реформалар және жаңа мүмкіндіктер

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев өз сөздерінде «Адам мемлекет үшін емес, мемлекет адам үшін» деген қағидатты берік ұстануға тиіс екенін атап өтті.

Мемлекеттік қызмет – бұл тиімді басқарудың негізі, халық пен биліктің арасындағы байланыстырушы буын. Дәл осы мемлекеттік қызметшілер ел алдында тұрған стратегиялық міндеттерді іске асырады, тұрақтылық пен азаматтардың мемлекеттік институттарға деген сенімін қамтамасыз етеді. Соңғы жылдары Қазақстан бұл маңызды салада ашықтық, әділдік және тиімділік принциптерін ұстана отырып, ауқымды реформаларды жүзеге асырып келеді.

Маңызды жаңалықтардың бірі – мемлекеттік тапсырыс шеңберінде жақсы бағаға оқыған жоғары оқу орындарының түлектеріне мемлекеттік органдарда конкурстық жұмысқа орналасу мүмкіндігінің берілуі. Жоғары академиялық көрсеткіштерге ие жас мамандар мемлекеттік қызметте жұмысын бастап, жаңа идеялар мен заманауи тәсілдерді енгізу арқылы елдің дамуына үлес қосады деп күтілуде.

Тағы бір маңызды қадам – цифрландырудың кеңеюі. Мемлекеттік қызметшілерді іріктеу үдерістері «eqyzmet.

gov.kz» порталына ауыстырылды. Бұл бюрократиялық кедергілерді азайтып, үдерістің ашықтығын қамтамасыз етті. Әрбір азамат үйден шықпай-ақ байқауға өтінім бере алады, ал жүйе бағалаудың объективтілігіне кепілдік береді. Мемлекеттік қызметтегі реформалардың келесі бір жарқын мысалы – облыстарда алғаш рет құрылған өңірлік кадр резервтері.

Бұл резервтер аймақтық деңгейдегі басқару жүйесін жетілдіруге, мемлекеттік қызметке жас әрі дарынды мамандарды тартуға бағытталып, облыс әкімдері үшін перспективалы кадрлар базасы ретінде қызмет етеді. Өңірлік кадр резервінің басты ерекшелігі – оның жергілікті атқарушы органдардың лауазымдарына конкурстық тағайындау үшін пайдаланылуы. Бұл ретте, Қарағанды облысының өңірлік кадр резерві аймақтық басқару жүйесін нығайтып, азаматтардың қажеттіліктеріне сай тиімді мемлекеттік басқару моделін қалыптастыруға мүмкіндік береді деп күтілуде.

Ротация жүйесі де назардан тыс қалған жоқ. Ротацияға жататын лауазымдар санатының кеңеюі мемлекеттік қызметшілердің кәсіби өсуіне ықпал етеді және әртүрлі аймақтық жағдайларға бейімделу мүмкіндігін береді. Бұл жүйенің серпінділігін арттырып, тоқырауға жол

бермейді.

Қазіргі кезде қазақстандықтар мемлекеттік қызметтен тек міндеттерді орындауды ғана емес, сонымен қатар қоғамның нақты қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған белсенді тәсілді күтуде.

Бүгінгі таңда мемлекеттік қызмет жас мамандар үшін барынша тартымды болуда. Ашық іріктеу үдерістері, мансаптық өсу мүмкіндіктері, сондай-ақ кәсібилік пен әділдікке басымдық беру мемлекеттік қызметтің жаңа мәдениетін қалыптастыруда. Бұл реформалар – жүйені жаңартудың ғана емес, азаматтарға қызмет ететін мемлекет құруға бағытталған ұмтылыс. Алда көптеген міндеттер тұрғанымен, қазіргі өзгерістер тиімді мемлекеттік басқарудың берік негізін қалап отыр.

Мемлекеттік қызмет саласындағы реформалар – бұл бәсекеге қабілетті, заманауи және ашық мемлекетті құру жолындағы маңызды қадам.

Бүгінгі таңда мемлекеттік қызмет – бұл тек мансап қана емес, ел болашағын өзгертудің, тарихи өзгерістердің бір бөлігі болудың мүмкіндігі.

Жандос СӘРСЕН
ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігі
Қарағанды облысы бойынша
департаментінің басшысы
Әдеп жөніндегі кеңес төрағасы.



Еске алу

Бауырларын ағалатып, ағаларын аңыратып өзегімізге алапат қайғы салып кеткен жан бауырымыз **Ештанаев Жазыбектің** фәніден бақиға аттанғанына ақпанның 4-і күні жыл толады. «Атқан октай, шапқан аттай» уақыт апшынды қуырады. Тәнімізді емес, жанымызды мұздатқан күн еді.



60-қа кемеліне енді келерде, өмірде ұл-қыздың, құда-жекжатымен танысып, немере сүйер беделді кезенді қиып кете барды. Тірлігінде қадірінді бірге туған өзіміз бағамдаппыз. Ізгілік нұрын маңайыңа шаша біліпсің. Өзің жайлы алғыр шәкіртің Мейіржанның арнауындағы екі-үш шумағының өзі ақ беделіңнің жоғары, бейнеңнің жарқын болғандығының айқын дәлелі.

Жақын жанның қысқартып наз-ғұмырын, Беймезгілде тиылды-ау әз қоңыр үн. Кеудесінде шалқыған ән үзіліп, Ақпаныңда қуады жаз көңілім. Бәйтерегім еңселі суалғандай, Жапырағы жаз өтпей қуарғандай. Жадыраған Жаз-ағам, жайдарлы ағам, Енді азамат өзіндей туар қандай. Бір бойыңда бейнесі күллі ізеттің, Ар-ұяттың есігін мың күзеттің Жайдары үнмен жиында шырқап жүріп, Өмірден момын мінез үнсіз өттің. Өлең дейтін бағыштап ақ сүремен, Дұға етеміз,жұмақты тапшы, төрем. Жанымда әнін қалды мамырлаған, Артыңда атың қалды «Жақсы» деген. Сен өзі көпшіл едің ғой, қазағыңа береке, мереке тілеп жат. Алла иман нұрына бөлесін.

Сағына еске алушылар: Ештанаевтар әулеті. Жазыбек Опиұлы Ештанаевтың жылдық асы Астана қаласы, М.Әуезов көшесі 23, «Астана Холл» ресторанында 2025 жылдың 11-қаңтарында сағ. 12-00-де беріледі.

Открылось наследство после смерти Сысоева Сергея Александровича, 19.03.1966 года рождения, умершей 15.09.2024 года. Наследникам обращаться к нотариусу Имашевой М.К. по адресу Карагандинская область Актогайский район поселок Сарышаган улица Темиржол 12 Б

Мақшонова Гүлмира Шаймұратқызы



Күні кеше ортмызда жүрген әріптесіміз, «Ақтоғай ауданының орталық ауруханасы» КМК оператор маманы, ардақты ана, сүйікті әже, жанашыр дос, аяулы жар, қадірлі әріптес Мақшонова Гүлмира Шаймұратқызы 2024 жылдың 26 желтоқсан

күні 52 жасқа қараған шағында дүниеден озды. Мақшонова Гулмира Шаймұратқызы 1973 жылы сәуір айының 24 жұлдызында Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Ақтоғай селосында дүниеге келді. Аурухана саласында 20 жылдан аса өз саласының білікті де, жауапты қызметкері болып жұмыс атқарды. Тәжірбиелі, іскерлігінің арқасында бірнеше мәрте облыстық денсаулық сақтау басқармасының, аудан әкімінің, аурухана басшылығының алғыс хаттарымен марапатталған. Гүлмира Шаймұратқызы өмірге құштар, мінезі жайдары, жаны жомарт, ақ көңіл, құшағы кең адам еді. Әріптестері ортасында беделі жоғары, сыйлы болды. Жаныңыз жәннатта болсын, аяулы әріптес! Аудандық аурухана саласының ұжымы Гүлмира Шаймұратқызының отбасына, анасына, бауырларына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтамыз. Аяулы әріптесіміздің жарқын бейнесі жүрегімізде мәңгі сақталады.

Қарағанды облысы денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы "Ақтоғай ауданының аудандық ауруханасы" КМК ұжымы және аурухана кәсіподақ ұйымы.

Қарағанды облысы денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы "Ақтоғай ауданының аудандық ауруханасы" КМК ұжымы және аурухана кәсіподақ ұйымы "Ақтоғай ауданының аудандық ауруханасы " КМК мейірбикесі Бакирова Дидарға әкесі **Сәулебек Асановтың**, Шашубай дәрігерлік емханасының педиатр дәрігері Туғанбаева Жанарға әкесі **Туғанбаев Аманкелдінің**, Ө.Бөкейхан мектебінің мейірбикесі Татикова Гүлжанатқа анасы **Күлжамал Нұрахметованың** және "Ақтоғай ауданының аудандық ауруханасы " КМК акушеркасы Исакова Баянға әкесі **Мұрат Зікрияұлының** қайтыс болуына орай қайғыларына ортақтасып, туғантуысқандарына көңіл айтамыз.

Еске алу

Ж а р қ ы н б а е в
Серік Байғожаұлы Ақтоғай селосында дүниеге келді. Әкесі Жарқынбаев Байғожа Ұлы Отан соғысының ардагері, ұстаз, ҚазССР -не еңбегі сіңген мұғалім, анасы Смақова Бикен аудандық аурухананың кіші қызметкері болды.



Отбасындағы сегіз баланың үлкені. 1953 жылы М.Горький атындағы орта мектептің 1-сыныбына барып,1964 жылы мектепті бітіріп шықты. 1964 жылы Қарағанды мемлекеттік институттың тарих факультетіне түсіп, 1968 жылы аяқтап, тарих пәнінің мұғалімі мамандығы бойынша диплом алды. 1968 жылы әскер қатарына шақырылып, екі айлық Қазан қаласында офицерлік курстан өтті. Аға лейтенант шені бар. 1969 - 1970 ж.ж оқу орнын жолдамасымен Көкшетау қаласының мектебінде тарих, қоғам тану пәнінің мұғалімі болып қызмет жасады. Ұстаз – ұлағатты есім. Бүкіл ғұмырын ұстаздық еңбектің ыстық-суығымен өткізген өнегелі өмірі мәңгі есімізде қалмақ. Еңбек жолында көшбасшылығымен қайсар мінезімен адалдығымен еңбекқор кәсіби біліктілігімен басқа жандарға үлгі бола білді. Отбасында мейірімге тола жүрегімен айналасына сыйлы, өз ортасында беделге ие болған абзал азамат еді. Адамдықтың өлшемі азаматтықтың белгісі ар мен ақиқаттан аттамау деген биік ұстанымынан ауытқымады.

1971 жылыдан бастап, Ақтоғай ауданының М.Горький мектебіне тарих, қоғам тану пәнінің оқытушысы болып орналасты.

1973 ж - 1975ж. Аралығында Еңбек сегіз жылдық мектебінің директоры. 1976 - 1988 ж.ж аралығында аудандық оқу бөлімінде методист-инспектор қыз-метін атқарды. 1988-1992 ж.ж аралығында №14 кәсіптік училищеде оқу ісінің орынбасары 1992 жылдан бастап тарих қоғам тану пәнінің оқытушысы, кәсіподақ комитетінің төрағасы болды.

Осы атқарған қызметтерін ескеріп, Министр Қ.Көшербаевтың қолымен құрмет грамотасымен, Вице Министр К.Шәмшидинованың қолымен құрмет грамотасымен Жезқазған аумақтық кәсіподақ грамотасымен марапатталды.

2008 жылдан бастап, зейнеткерлікке шықты. Аяулы жар, ардақты әке, немере-шөберелердің атасы. Сіз біздің жүрегіміздесіз, біз сізді ешқашан ұмытпаймыз. Алдыңыз пейіш, артыңыз кеніш болсын.

Еске алушылар: Жарқынбаев Байқожаның әулеті.

Құттықтаймыз!

Құрметті жиеніміз
Түгелбаев Жанболат
Мәдениетұлы!


Адам өмірінің айтулы
бір белесі – 60 жасқа
толған мерейжасыңмен
құттықтаймыз!

Ғұмырыңның алпысын-
шы баспалдағына көте-
рілген саған мықты
денсаулық, ұзақ та,
мәнді ғұмыр нәсіп етсін!

Ағайынға қамқор асыл жанға әлемдегі бар
жақсылықты, дүниенің шуағын, өмірдің жсырын,
жүрегіне Алланың нұрын тілейміз! Алла жолыңды
ақ, көңіліңді асқақ, жүрегіңді уайымсыз, арма-
ныңды айқын, мақсатыңды анық етсін деген жүрек-
жарды тілегімізді білдіреміз. Асау толқынды өмір
арнасында жанұяңыз бақ пен қуаныш нұрына бө-
ленсін. Жыры мен сыры, әні мен сәні жарасқан ба-
қыт мекенінде барың берекеге, берекең мерекеге
ұлассын.

Асқаралы алпысың құтты болсын!

Ізгі тілекпен: нағашыларың – Өміртай-Дәния,
Өмірхан-Кәмиат және балалары.



Құттықтаймыз!

Құрметті Түгелбаев
Жанболат!

Сізді келіп жеткен
мерейжасыңызбен шын
жүректен құттық-
таймыз.

Мерей жасқа қадам
басқан сізге өмірдің
тек жарқын сәттерін,
мол қызық-қуанышын
тілейміз. Деніңіз сау
болып, алда әлі талай асуларды табандылықпен
жеңіп, алға қойған арман-мұраттарыңызға
сүрінбей жете беріңіз. Әрбір күн жанды
жадыратар қуанышқа толы болып, бақыт
сыйласын. Шаңырақтарыңызға әрдайым шаттық
ұялап, босағаларыңыздан ырыс, құт-береке
кетпесін. Балаларыңызды қызық-қуанышын
отанасымен бірге тойлап, жасыңызға жас
қосылып, той-думанға жете беріңіздер.

Сыйластық мекені боп үй, төріңіз,

Тек шаттықпен өрілсін өміріңіз.

Немере, шөберемен бірге жасап,

Көктемдей жайнап жүрсін көңіліңіз.

Ақ тілекпен: Мейрам-Сақыпжамал, балалары.



Хабарландыру

«Актоғай» несие серіктестігі» ЖШС
құрылтайшыларының жалпы жиналысы
12.08.2024 жылы сағ 15:00 – де болады.

Күн тәртібінде төменгі мәселелер қаралады:
1. Серіктестіктің 2024 жылғы бюджетін
қайта қарау.

Құрылтайшылардың жалпы жиналысы
Актоғай селосы, Ө.Бөкейхан көшесіндегі
№10 ғимаратта «Актоғай» несие
серіктестігі» ЖШС мекемесінде өтеді.
Құрылтайшылардың жиналысқа толық
қатысуы сұралады. Шаруашылығын
дамытуға несие аламын деген шаруа
қожалықтары мына телефонға хабарласуы
керек:

8 (71037) 2-18-21, 2-18-00, 8777 540 34 71.


Құттықтаймыз!

Құрметті Жарқынбаев
Қанат Байқожаұлы!

Асқарлы 60 жасқа
толған мерейтойыңыз-
бенишын жүректен құт-
тықтаймыз. Саған ең
басты байлық денсаулық,
отбасылық бақыт тілей-
міз.

Қанат еліңе елеулі хал-
қыңа қалаулы боп, туған
жеріңнің өркендеуіне оның ішінде «Қазақтелекомда»
жас маман боп келіп едің алдағы уақытта
ақсақал боп зейнеткерлікке шығуыңа тілектеспіз.
Отбасыңда берекелі жұмысыңда мықты маман
сабырлы, салмақты мінезіңмен ортамызда беделді
бауырымызсың Біз сенімен мақтанамыз. Жаңа
жасың құтты болсын. Немере сүйіп ата болуыңа
Аманаймен бірге әдемі қартаюды Аллаң нәсіп етсін.

Ақ тілекпен: Байқожаұлының әулеті.



Құттықтаймыз!

Құрметті құдамыз
Түгелбаев Жанболат
Мәдениетұлы!

Сізді асқаралы 60
жас мерейтоймен
құттықтаймыз.
Адам өмірінің бел-
белестерінің бәрі де
елеулі саналса керек.
Сөйтсе-дағы кемел жас
алпыстың орны мүлде

ерекше екені баршаға мәлім. Шаңырағыңызда
шаттық пен қуаныш көп болсын. Бала-шаға
немерелеріңіздің ортасында қызықтарына тоймай,
Алланың назарында, бақыттың базарында
болғайсыз. Ұзақ ғұмыр мен мықты денсаулық
тілейміз.

«Алтыс – талтүс» дейді халық данасы,

Алтыс деген – өң мен түстің арасы.

Бір әулеттің өзің алтын қазығы,

Аман болшы, аяулы ел ағасы.

Ізгі тілекпен: Ғибрат - Панар, Акерке.



Құттықтаймыз!

Құрметті
Түгелбаев Жанболат
Мәдениетұлы!

Сізді адам өмірінің
ең бір асыл кезі, асқар
белі – 60 жасқа келген
мерейтойыңызбен
құттықтаймыз. Осы қуа-
нышты күні деніңізге
саулық, шаңырағыңызға
ырыс байлығын, жүрегіңізге
мәңгі жастық жалынын,
көңіліңізге сезімнің шал-
қыған шаттығын тілей-
міз. Отбасыңыздан ынтымақ, басыңыздан бақ
таймасын. Көңіліңіз ғұмыр бойы көтеріңкі болып,
өмір айдынында қайғы-мұңды білмей, еркін
жүзе беріңіз. Еңбегіңіз жемісті болып, аңсаған
армандарыңыздың асуларына жете беріңіз.

Өмірдің әр қырынан іздеп арай,

Бақыт құсы самғай берсін сізге қарай.

Алпыстың асуынан еркін асып,

Сәтті қадам басыңыз жүзге қарай.

Тілек білдірушілер: Зәуреш, Назира,

Серік-Зайдағұл, Өрік-Қарлығаш, Ұзақ-Айгүл,

Қанат-Алкен, Ерлан-Айгүл, Ерлан-Замзағұл.



Құттықтаймыз!

Құрметті Жанысбеков
Қайырбек!

Сізді зейнеткерлік 63
жасқа толған туған
күніңізбен шын жүректен
құттықтаймыз.

Еңбегіңіз еленіп, құрметті
демалысқа шыққан қуа-
нышты күніңіз құтты
болсын! Еткен еңбегіңіз
бен төккен теріңіз аз емес. Ендігі сол еңбектің
зейнетін көріп, ауырмай-сырқамай, немерелеріңіздің
ортасында ардақты ата деген атты иеленіп
жүре беріңіз. Құрметті демалысыңыз 100 жасқа
дейін ұлассын! Жаратқан ием әр ісіңізге береке
беріп, жақсылық бұйыртысын. Әр күніңіз шуақты,
денсаулығыңыз қуатты болсын.

Бақыт сыйлап арайлы таңдарыңыз,
Тола берсін шаттыққа жан-жағыңыз.

Ұлағатты ұл-қыздан қызық көріп,
Орындалсын ең басты арманыңыз.

Ақ тілекпен: Ақжолтаевтар әулеті.



Құттықтаймыз!

Құрметті Жарқынбаев
Қанат Байқожаұлы!

Сізді асқаралы 60 жасқа
толған мерейтойыңызбен
шын жүректен құттық-
таймыз! Отбасыңызға
амандық, қажымас қай-
рат, жемісті еңбек, бе-
рекелі де мерекелі ұзақ
ғұмыр нәсіп етсін. Деніңіз
сау болып, бала-шаға мен
туған-туыстарыңыздың тек қызық қуаныштарына
бөленіп, ортамызда аман-есен жүре беріңіз.
Мұқалмас ғұмыр, баянды бақыт тілейміз.

Өткен күннің артта қалып елесі,

Тіршіліктің жылжи берсін кемесі.

Басыңызға бақ пен ырыс сыйлаған,

60 жастың құтты болсын белесі.

Ізгі тілекпен: Зәуреш, Назира, Өрік-Қарлығаш,

Серік-Зайдағұл, Ұзақ-Айгүл, Жанболат-Мәрзия



Құттықтаймыз!

Құрметті Сатбекова
Сәния Шегіндікқызы!

Сізді 50 жасқа толған
мерейжасыңызбен құт-
тықтаймыз. Осы қуа-
нышты күні деніңізге
саулық, шаңырағыңызға
ырыс байлығын, жүрегіңізге
мәңгі жастық жалынын,
көңіліңізге сезімнің шал-
қыған шаттығын тілей-
міз. Отбасыңыздан ынтымақ, басыңыздан бақ
таймасын. Көңіліңіз ғұмыр бойы көтеріңкі болып,
өмір айдынында қайғы-мұңды білмей, еркін
жүзе беріңіз. Еңбегіңіз жемісті болып, аңсаған
армандарыңыздың асуларына жете беріңіз.

Жанұядан кетпесін асыл арай,

Көгіңізде ойнасын шаттық шырай.

Ұрпақтарыңыз өсіп-өңсін, аман болып,

Армандардан орнатсын алтын сарай.

Ақ тілекпен: интернат ұжымы.



Құрылтайшы: **ЕЛЕУСИЗОВА ГҮЛНАР МЕТАЕВНА**

Редактор: **Г.ЕЛЕУСИЗОВА**

Меншік иесі: “Актоғай ажары” газеті
редакциясы ЖШС

Тіркеу куәлігі: №KZ94VPY00019192. (Қазақстан
Республикасы ақпарат және даму Министрлігі
2020 жылы 10 қаңтарында берілген)

Газет аптасына 1 рет шығады

Газет редакцияның компьютер
орталығында қатталып, Қарағанды
қаласында «Арқо» баспаханасы ЖШС-де
басылады. Сәтбаев көшесі, 15-үй

Мақала авторларының пікірі
газеттің көзқарасын білдірмейді.
Таралымы 880 дана

Мекен-жайымыз: 100200, Актоғай
ауылы, Абай көшесі, №1 а үй.
Телефондар: редактор: 2-18-81,
тілшілер, компьютер орталығы: 2-15-39



Электрондық пошта aktogai_red@mail.ru

Газетке А4 форматты 3 беттен асқан
материалдар қабылданбайды.

